



**Автор:** Жумабаева Зульвира Жанабаевна

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Көркем әдебиет және эпикалық сарын

**Тақырып:** М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау
Сабақтың мақсаты:	Поэма мазмұнымен танысып, өзіндік пікір жазу.
Тілдік мақсаттар:	Эпилог, тәуіп, аракілдік, кәззап, байыз.
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none"><li>Шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.</li><li>Пікірін дәйектеме арқылы білдіреді.</li></ul>
Құндылықтарды дарыту:	"Мәңгілік ел" құндылығы: бейбітшілік пен келісім Мектеп құндылығы: оқушылар арасындағы қарым-қатынас арқылы ынтымақтастық және шығармашылықты қалыптастыру
Пәнаралық байланыс:	Тарих, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Махаббат және абырой

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	<b>1. Ұйымдастыру кезеңі:</b> Сәлемдесу. Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. <b>2. Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b> Оқушыларды шеңбер бойымен тұрғызу. "Өрмекші торы" тәсілі арқылы жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өткен сабақ бойынша қояды, жауап береді. <b>3. Үй тапсырмасын тексеру.</b>	Оқулық, дәптер, қалам
Сабақтың ортасы (30 минут)	<b>Білу және түсіну.</b> Сұрақтарға жауап бер. 1. М.Мақатаев кім? 2. Қандай шығармаларын, өлеңдерін білесің? 3. Ақын қандай поэмалар жазған? 4. Ақын сөзіне жазылған қандай әндерді білесің? 5. Қандай әндерін жатқа білесіңдер? <b>Қолдану. Жұптық жұмыс</b> "Ашық хат" тәсілі арқылы жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу. 1-жұп. "Мұқағали поэмасы - таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия" - дейді Ф. Оңғарсынова. 2-жұп. "Ойын сиқырлы сөзбен айта білу, тапқыр ойды өрнекті тілмен жеткізе білу - Мұқағали өлеңдерінің негізі құдіреті". 3-жұп. "...Тіршіліктің тәттілігі мен ақиқаттың ащылығынан мейірі қанғанша дәм татқан қауымның өскелеңдігі мен өміршеңдігі де осында. Мұқағали халқымен бірге мәңгі өмір сүреді". <b>Дескриптор:</b> - ұсынылған пікірді өз сөзімен өрбітеді; - пікірді мысалмен дәлелдейді; - қорытынды жасайды.	А4 парағы жазылған сұрақтар А4 парағына жазылған сөздер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	<b>Кері байланыс</b> Жағымды пікір: (Не ұнады?) Сындарлы сын: (Не нәрсені жақсарту керек?) Келешекке арналған пікір: (Маған ұнады, бірақ....)	Кері байланыс